

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы

**Қалыптастырушы бағалауға арналған
тапсырмалар жинағы**

Әдебиеттік оқу

3-сынып

Астана, 2018

Құрметті мұғалім!

Аталған тапсырмалар жинағы білім беру мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдерге көмек құралы ретінде құрастырылды. Бұл мұғалімдердің ұжымдық жұмысының нәтижесі. Бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар қалыптастырушы бағалауды өткізуге, сабақты жоспарлауға, ұқсас тапсырмаларды құрастыруға және іріктеп алуға, оқу мақсатына жетуге қатысты сындарлы кері байланыс беруге көмектесетін үлгі болып табылады.

Жинақтың ұсынылған сипаты сізге білім алушының қажеттілігі мен мүмкіндігін есепке ала отырып, тапсырмаларға толықтырулар мен өзгерістер енгізуіңізге, бейімдеуіңізге мүмкіндік береді.

Қосымша материалдарды (нұсқаулықтар, таныстырылымдар, жоспарлар және т.б.), форумдағы талқылауларды және бейне нұсқауларды сіз «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ smk.edu.kz ресми сайтынан таба аласыз.

Жемісті жұмыс пен шығармашылық табыс тілейміз!

Жинақ бастауыш мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, критериалды бағалау бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне, басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Жинақты дайындау барысында ресурстар (суреттер, мәтіндер, бейне және аудио материалдар, т.б.) қолжетімді ресми интернет-сайттардан алынды. Жинақ коммерциялық емес мақсатта құрастырылған.

Мазмұны

| | |
|-----------------------------------|----|
| 1-ТОҚСАН | 4 |
| Бөлім: Тыңдалым және айтылым..... | 4 |
| Бөлім: Оқылым | 9 |
| Бөлім: Жазылым | 17 |
| 2-ТОҚСАН | 20 |
| Бөлім: Тыңдалым және айтылым..... | 20 |
| Бөлім: Оқылым | 24 |
| Бөлім: Жазылым | 34 |
| 3-ТОҚСАН | 37 |
| Бөлім: Тыңдалым және айтылым..... | 37 |
| Бөлім: Оқылым | 41 |
| Бөлім: Жазылым | 50 |
| 4-ТОҚСАН | 54 |
| Бөлім: Тыңдалым және айтылым..... | 54 |
| Бөлім: Оқылым | 59 |
| Бөлім: Жазылым | 66 |

1-ТОҚСАН

Бөлім: Тыңдалым және айтылым

Бөлімше 1.1 Шығарманың мазмұнын түсіну

Оқу мақсаты 3.1.1.1 Шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтін бойынша ашық сұрақтар қояды және жауап береді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Жаз өтіп, күз түсті. Ауа райы бұзыла бастады. Күн салқындап, жиі-жиі жаңбыр жауады. Ағаштың жапырақтары сарғайды. Қырдағы жайқалған көк майса сары далаға айналды. Енді күн ұзарып, түн қысқарады. Күздің соңғы легі жылы жаққа ұшып барады. Жәндіктер де көрінбейді. Астықтар да сап-сары болып пісіп тұр. Адамдар еккен егіндерін жинап алып жатыр.

Сондықтан да бұл мезгілді халық «алтын күз» деп атайды.

- Мәтінге сүйеніп кестені толтыр.

| Күз | Күзгі табиғат | Жан-жануарлардың күзгі тіршілігі | Күзгі еңбек |
|-----|---------------|----------------------------------|-------------|
| | | | |

- Жұптық жұмыс
 - ✓ Кестеге сүйеніп, мәтін бойынша жұбына ашық сұрақтар қой.
 - ✓ Жұбының қойған сұрақтарына жауап бер.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіннен кестеге сәйкес ақпараттарды анықтайды;
- мәтін мазмұны бойынша ашық сұрақтар құрастырады;
- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.

Бөлімше 1.2 Шығарманы мазмұндау

Оқу мақсаты 3.1.2.1 Шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық/таңдауына қарай мазмұндау/ сахналау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіннің мазмұнын өз сөзімен әңгімелейді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Ертегіні мұқият тыңда және мазмұнын айт.

Арыстан күшігін асыраған мысық

Бір мысық қаңғырып жүріп, өліп жатқан арыстанға тап болады. Оның жетім қалған күшігін емізіп асырайды. Арыстанның күшігі өсіп, азулы аң болады. Өз тамағын өзі тауып жейтін халге жетеді.

Бірде ашыққан арыстан өзін асыраған мысықты жемек болады. Мысық ағаштың басына өрмелеп шығып кетеді. Сонда арыстан:

– О, менің ақ сүтін беріп, өсірген асыраушым! Бар ақылыңды үйреткенде, ағашқа өрмелеуді неге үйретпегенсің? - депті.

Сонда мысық:

– О, қайырымды балам! Сені кішкентайыңнан бауырыма басып өсірдім.

Білген ақыл-айламның бәрін үйреттім. Бірақ ашқарақтығыңнан қорқып, бір өнерімді айтпап едім. Соны бүгіп қалғаным ақыл болған екең,- депті.

- Ертегінің кейіпкерлерін ата.
- Мысықтың сөзін қалай түсіндің?
- Ертегіден қандай ой түйдің?

Дескриптор *Білім алушы*

- ертегінің мазмұнын жүйелі баяндайды;
- сөздерді мағынасына сәйкес орынды қолданады;
- сұрақтардың негізінде ой қорытады.

Бөлімше 1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау

Оқу мақсаты 3.1.3.1 Шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Оқиғаның негізінде сюжеттің дамуын болжайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану
Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

Мысалды мұқият тыңда. Құмырсқа қандай әрекет жасайды деп ойлайсың? Оқиғаны әрі қарай жалғастырып көр.

Құмырсқа және бидай дәні

Егінді түгел жинап алғаннан кейін бидайдың жалғыз дәні жерде қалып қойған еді. Қыс түспей тұрып, өзіне топырақ астынан пана іздеуді ойлады. Осы кезде қасынан өтіп бара жатқан құмырсқа бидайдың дәнін көрді де, қуанғаннан бұл олжасын илеуіне қарай домалатып ала жөнелді. Қабырғасы қайысып, көп азапқа түскен құмырсқаға бидай дәні:

- Әй, құмырсқа, сен бұлай бейнетке бата бермесең қайтеді. Мені таста да кете бер, - деді.

Жұптық жұмыс

- Құмырсқа мен бидай дәнінің арасындағы диалогті тыңда. Диалогті жалғастырып айт.

- Мен сені тастап кетсем, қыста азықсыз қаламын ғой. Біз көппіз. Осылай әрқайсымыз бір-бірден дән апарсақ, қысқа көп азық жинап аламыз.



- Егер мені тастап кетсең, келесі жылы



Дескриптор

- Білім алушы*
- оқиғаның соңын болжап айтады;
 - тақырыпқа сәйкес диалог құрастырады.

Бөлімше 1.4 Тыңдарманның назарын аударту

Оқу мақсаты 3.1.4. 2 Сөйлеу барысында иллюстрациялар/көрнекіліктер/ фото / суреттер қолдану

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Әңгімелеу барысында сәйкес суреттерді қолданады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Мәтінді мұқият тыңда.

Кішкентай құс

Мұқаш таңертең күшігімен үйдің сыртындағы бақша ішін аралап келе жатты. Ол топ гүлдің ығында бұғып отырған балапанды көріп, тоқтай қалды.

Жақында ғана ұшуға жараған бозторғайдың балапаны екен. Әбден жаңбыр өткен, екі қанаты салбырап, дір-дір етеді. Ала күшік балапанның қасына жүгіріп барды. Балапан өзіне жетіп келген үлкен аңнан қорқып кетті. Салбыраған қанатын сүйрете, топ гүлді сырт айнала берді. Бірақ ол кәдімгі бозторғайдай жүгіріп кете алмай, жығылып қалды.

Мұқаш балапанды жерден көтеріп алды.

- Мәтіннің мазмұны бойынша сурет сал немесе сәйкес суреттер таңдап ал. Суреттерді қолданып, мәтіннің мазмұнын айт.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтінді жүйелі мазмұндайды;
- сөйлеу барысында иллюстрацияларды тиімді қолданады.

Бөлімше 1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру

Оқу мақсаты 3.1.5.1 Өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Сөйлеу барысында көркем сөздерді қолданады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Өлеңді мұқият тыңда. Тапсырмаларды орында.



Көлдің беті кілегей,
Жер сап-сары бірегей.
Тырау- тырау тырналар
Түстікке бетті бұрды олар.
Қара суық жел есті,
Күннің көзі көмескі.
Бастап егін орады,
Бұл қай кезде болады?

- Бұл қай кезде болады? Белгіле (✓).

қыста

көктемде

жазда

күзде

- Өлеңге сүйеніп, берілген сөздердің мағынасын түсіндір.

кілегейлену

бірегей

түстік

көмескі

- Көркем сөздерді қолдана отырып, күз мезгілін сипаттап айт.

Дескриптор

Білім алушы

- өлеңде сипатталған жыл мезгілін анықтайды;
- берілген сөздердің мағынасын түсіндіреді;
- күз мезгілін сипаттауда көркем сөздерді орынды қолданады.

Бөлім: Оқылым
Бөлімше 2.1 Оқу түрлерін қолдану

Оқу мақсаты 3.2.1.1 Мәтінді дауыстап түсініп/ рөлге бөліп/ мәнерлеп/ теріп оқу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Өз рөлін сақтай отырып, түсініп оқиды.

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтін мазмұнын түсініп, рөлге бөліп оқы. Сұрақтарға жауап бер.

- Анау қарбызды ала кетейік, – деді Жәлел. Үйге келе жатып көргенбіз, үлкен! Соны айтады.
- Әлі көк қой, – дедім. – Әрі көріп қойса ұят болады.
 - Көрмейді.
 - Өзенбай атай осы жаққа қарап тұр ғой.
 - Жақындағанда белгі беремін. Түсіріп алған болып шелекті тастап жібер. Сонан соң жерге түсесің де, қарбызды шелекке салып, әпере қоясың...
 - Көк болса ше? – деймін.

Жәлелдің тапқырлығына қайран қалдым. Қалай ойлап таба қояды?! Лажсыз келістім. Қонақты ренжітуге болмайды. Атам солай деген.

Жәлел белгі берді. Мен шелекті тастап жібердім. Қалтырап есектен түсе алмадым. Жәлелдің өзі секіріп түсіп, қарбызды әп сәтте шелекке салды да, маған әперді. Ештеңе болмағандай тізгінді қайта ұстады. Бақша күзетшісі Өзенбай атай қолын көлегейлеп қарап тұрған. Көрген жоқ шығар, байқаса, дауыстар еді ғой.

- Мәтіннің кейіпкерлерін ата.
- Олар не істеді?
- Жәлелді тапқыр деуге бола ма? Неліктен?
- Өзенбай атай балаларды көрмей қалды деп ойлайсың ба?
- Кейіпкердің орнында болсаң сен не істер едің?

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтінді өз рөлін сақтай отырып, қатесіз оқиды;
- рөлмен оқуда дауыс мәнерін сақтайды;
- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;
- мәтіндегі оқиғаға қатысты ойын айтады.

Бөлімше 2.2 Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру

| | |
|-----------------------------------|---|
| Оқу мақсаты | 3.2.2.1 Шығарма мазмұны бойынша қолдануға (практикалық), бағалауға және шығармашылыққа негізделген сұрақтар қою және жауап беру |
| Бағалау критерийі | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар қояды және жауап береді |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Қолдану |
| Тапсырма | Мәтінді түсініп оқы. |

Дикан атызға бір түп гүл әкеп отырғызды. Құнарлы жерге отырғызылған гүл күннен-күнге тамыр жайып, өсе берді. Бәріне де ынтық: мөп-мөлдір суға да, тап-таза ауаға да, күннің нұрына да. Бәріне де еркелей, құмарлана қараудан жалықпайды. Өзін әкеліп отырғызған адамға да разы. Бір күні:

– Әй, сен көп асқақтама. Әлі өмірге келгеніңе өкінетін боласың, - деген шіңкілдек дауысқа жалт қараса, төменде ұсқынсыз тырбық шөп басын қылтитып тұр екен.

Гүлдің көңілі ортайып, жабырқап қалды. Ештеңе дей алған жоқ. Көздері жасаурап кетті. Бірте-бірте солып, сарғая бастады. Амалсыз жанындағы өзінен жасы үлкен гүлге басын сүйеді.

– Жабырқама! Сабыр ет!- деп жұбатты ол. – Адамдар оны «арам шөп» деп атайды. Ол өз басынан басқа ешнәрсе ойламайды. Одан әлі-ақ құтыламыз. Жамандардың өмірі әманда қысқа.

«Жақсы сөз – жарым ырыс» деген ғой. Жас гүлдің көңілі біраз көтеріліп қалды. Үлкен гүлдің айтқаны рас болды. Ертеңіне адам келді де, арам шөпті тамырымен жұлып тастады.

Гүл қайтадан құлпырды. Көп сырды ұқты. Өмірде жақсылар да, жамандар да бар екен.

- Мәтіннің мазмұны бойынша 3 сұрақ құрастыр.
- Сыныптастарыңның қойған сұрақтарына жауап бер.

| | |
|-------------------|---|
| Дескриптор | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">- мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады;- мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді. |
|-------------------|---|

Бөлімше 2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтау

Оқу мақсаты 3.2.3.1 Шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін/сөйлемді анықтау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтінге тақырып қояды
- Мәтіннен негізгі ойды білдіретін бөлікті анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

«Менің атым Қожа» әңгімесінен берілген үзіндіні түсініп оқы.

– Менің қазіргі талқыға салып отырған тәртіпсіздік қылықтарымның қай-қайсысының да себебі бар еді. Қазды атқан мен емеспін, Сұлтан. Ал бақаны мен сумкаға Майқанова апай талып қалсын деп, оның соншалық шошымал адам екенін біліп салған жоқпын. Тіпті, мұның ақыры не болады деп ойлап та жатпадым, салғым келді - салдым. Осындай бір ақымақтық кейде ақылға мұрша бермей дедектетіп әкететіні бар. Істеп алып, соңынан бармағыңды тістейсің. Осының бәрі осылай бола тұрса да, мен өзімді ақтап, бір ауыз сөз айтпадым. Ақталудың тіпті қисыны бар ма?

- Мәтіннің негізгі ойын білдіретін сөйлемдерді тауып, дәптеріңе көшіріп жаз.
- Мәтінге ат қой.

Дескриптор *Білім алушы*

- негізгі ойды білдіретін сөйлемді анықтайды;
- мәтін мазмұнына сәйкес тақырып қояды.

Бөлімше 2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау

Оқу мақсаты 3.2.4.1 Өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау


Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіндерді жанры бойынша ажыратады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтіндердің жанрын анықтап, меңзермен байланыстырып көрсет.



Дескриптор

Білім алушы

- мақал-мәтелдерді ажыратады;
- нақыл сөзді анықтайды;
- батаны ажыратады.

Бөлімше 2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау

Оқу мақсаты 3.2.6.1 Кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіннің кейіпкеріне мінездеме береді
- Кейіпкердің іс-әрекетінің өзгеру себепін анықтап, бағалайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану
Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

Мәтінді түсініп оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Қызғаныштың кесірі

Назымға анасы секіретін жіп алып берген еді. Ол күні бойы аулада жіпті айналдырды. Біресе бір аяқпен, біресе екі аяқпен секірген ол өзін цирктің әртісіндей сезінді.

Жанына көрші тұратын досы Шынар келіп, біраз қызықтап қарап тұрды да:

- Екеуміз кезек-кезек секірейік. Жібінді маған да бере тұр, - деді.
- Бұл менің жібім, өзіндікін әкел де секіре бер, - деді Назым тыржиып.

Досына ренжіген Шынар әрірек барып, орындықта біраз отырды.

Назым жалғыз өзі секіре-секіре әбден шаршады. Біраз уақыттан кейін жібін жинап алды да, қабағын түйіп үйіне келді.

Бағанадан бері ашық терезеден апасы қызының қимылын бағып тұрған болатын:

- Қызым, саған не болды? - деп сұрады.
- Ойын қызық емес - деді Назым.
- Шынар екеуің бірігіп ойнағанда қызық болар еді, - деді апасы жай ғана.

Бұл сөзден кейін Назым есік алдына жүгіріп шықты. Бірақ маңайда досы көрінбеді.

- Назым үйіне неге көңілсіз кірді?
- Назымның Шынарды іздеуіне не себеп болды?
- Шынар неліктен кетіп қалды?
- Назымның қылығы дұрыс па? Өз ойыңды айт.
- Назымға мінездеме бер.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;
- кейіпкердің іс-әрекетінің өзгеру себепін анықтайды;
- кейіпкердің іс-әрекеті туралы ойын айтады;
- кейіпкерге сәйкес мінездеме береді.

Бөлімше 2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау

Оқу мақсаты 3.2.7.1 Мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Шығармадағы теңеу сөздерді анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Өлеңге сай ырғақты таңдап, мәнерлеп оқы.

Торы құлын

Жағы қалақтай,
Мойны садақтай.
Төбелі жұлдыздай,
Жүні құндыздай,
Жалы жібектей,
Саны білектей.
Көзі моншақтай
Өзі жұп-жұмыр,

Құйрығы шашақтай,
Ерні жып-жымыр.
Жұтынып жүруші еді,
Бұлтиып тұрушы еді.
Далаға шығып ап,
Құйрығын тігіп ап,
Айнала шабар еді,
Асырды салар еді.



- Өлеңнен теңеу сөздерді тауып, теріп жаз.

Дескриптор *Білім алушы*

- өлеңді қатесіз, мәнерлеп оқиды;
- өлеңнен теңеу сөздерді анықтайды.

Бөлімше 2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру

Оқу мақсаты 3.2.8.2 Мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация/ музыка (күй)/ мультфильм) нұсқасымен салыстыру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Шығарманы басқа үлгідегі нұсқасымен салыстыра сипаттайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Мәтінді түсініп оқы.

Ерте заманда Жошы ханның ұлы құлан аулауға шығып, үйірді бастап жүрген басшы құланды жаралайды. Ызалы құлан аңшыға тап беріп, оны таптап өлтіреді. Жошы хан бір сұмдықтың болғанын сезіп, баласы туралы жаман хабар әкелген адамның көмейіне қорғасын құямын дейді. Ханға баласының өлімі туралы айтуға ешкімнің батылы бармайды. Сол кезде бір домбырашы жігіт ханға келіп, күй тарта бастайды. Хан осы күй арқылы баласының қазаға ұшырағанын түсінеді. Хан жігітке не айтарын білмей, сертін бұзбас үшін домбыраның көмейіне қорғасын құйғызған екен.

- «Ақсақ құлан» ертегісінің мультфильм түріндегі нұсқасын тамашала. (<https://www.youtube.com/watch?v=7IDWtxLMh2g>).
- Мәтін мен мультфильмнің қандай ұқсастығы бар?
- Олардың бір- бірінен айырмашылығы неде?

Дескриптор *Білім алушы*

- шығармалардың ұқсастығын анықтайды;
- шығармалардың айырмашылығын сипаттайды.

Бөлімше 2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу

Оқу мақсаты

3.2.9.1 Шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильм нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Мәтіннен нақты ақпаратты тауып, сызба түрінде көрсетеді

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану


Тапсырма

Өлеңді мәнерлеп оқы.

Төрт ана

Әр адамда өз анасынан басқа да,
Ғұмырына етер мәңгі астана,
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқадан,
Болу керек құдіретті төрт ана:
Туған жері – түп қазығы, айбыны,
Туған тілі – сатылмайтын байлығы,
Жан байлығы – салт-дәстүрі – тірегі
Қадамына шуақ шашар үнемі.
Және туған тарихы.
Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,
Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы.

- Ақынның төрт ана дегені не? Сызбаға түсір.



Дескриптор

Білім алушы

- өлеңді қатесіз, мәнерлеп оқиды;
- мәтіннен қажетті ақпаратты анықтайды.

Бөлім: Жазылым

Бөлімше 3.1 Шығарманың жоспарын құру

| | |
|-----------------------------------|---|
| Оқу мақсаты | 3.3.1.1 Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру |
| Бағалау критерийі | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажыратады• Мәтін бөліктеріне тақырып қояды |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Қолдану |
| Тапсырма | Әңгімені түсініп оқы. |

Бозша торғай

Ерте тұрған Омар атай үй сыртындағы бақшаны аралап келе жатты. Түні бойы жаңбыр жауған. Жер саз.

Омар атай бір топ жусанның ығында бүрісіп отырған кішкентай құсты көрді. Ұшуға жарап қалған бозторғайдың балапаны екен. Тұмсығының жиектері сап-сары. Өзіне әбден жаңбыр өткен. Екі қанаты салбырап, дір-дір етеді.

Балапан Омар атайға жасқана қарады. Қорқып кетті. Салбыраған қанатын жиюға шамасы келмей, сүйреткен бойы бір түп жусанды сырт айнала берді. Бірақ жүгіріп кете алмады. Жығылып қалды. Омар атай бозша торғайды жерден көтеріп алды. Алақанына қойып, аз ғана уақыт қызықтай қарады. Әрі тоңған, әрі қорыққан кішкене құс қалшылдап тұр.

Омар атай бозша торғайды үйіне әкеліп, күн сәулесі түсіп тұрған терезе жақтауына отырғызды. Алдына ыдысқа салып жем әкеп қойды. Бозша торғай жем жемеді. Омар атайға жалт-жалт қарай берді. Омар атай оның сырын сезіп, жымыып қана күлді де, тысқа шығып кетті. Сәлден кейін терезеден сығалап қарап еді, кішкене құс жемді теріп жеп жатыр екен. Үсті де құрғап кеуіпті. Бозша торғай ыдыстың ернеуіне ұшып қонды.

– Ә, әлденіп алдың ба? Өзіңе дос екенімді білген шығарсың? – деп қойды атай. Омар атай ештеп келіп терезені ашты.

Бозша торғай сыртқа ұшып шықты. Көтеріліп барды да, әуеде қалықтап тұрып әндете бастады.

- Сұрақтардың көмегімен әңгімені бөліктерге бөл. Әр бөлікке тақырып қой.
 - Омар атай бақшадан нені көрді?
 - Атай оған қандай қамқорлық жасады?
 - Оқиға қалай аяқталды?

| | |
|-------------------|---|
| Дескриптор | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">- мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайды;- әр бөлікке сәйкес тақырып қояды. |
|-------------------|---|

Бөлімше 3.1 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну

Оқу мақсаты 3.3.3.1 Шығармашылық жұмысын сурет/сценарий түрінде ұсыну

Бағалау критерийі *Білім алушы*
• Ойын сурет арқылы жеткізеді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма.

Өлеңді түсініп оқы. Өлеңнің мазмұны бойынша сурет сал.

Күзде

Аспайды да саспайды,
Дайындалып болсын деп.
Күн суыта бастайды,
Малға пішен орсын деп.

Кең аспанды бұлт қаптап.
Қыс жақынын сездірер.
Жаздай жүрген тұрақтап,
Көкөкті де бездірер.

Балаларды қара, әні,
Жүрегі алып -ұшады,
Мектебіне барады,
Гүлге толып құшағы.

Қ. Баянбаев

Дескриптор *Білім алушы*
- өлеңнің мазмұнына сәйкес сурет салады.

Бөлімше 3.4 Қатені табу және түзету

Оқу мақсаты 3.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету

Бағалау критерийі Білім алушы

- Мәтіндегі стильдік қателерді анықтайды және түзетеді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтінді мұқият оқы. Бірнеше рет қайталанып тұрған сөздерді тап. Оларды басқа сөздермен алмастыра отырып, мәтінді қайта дұрыстап жаз.

Көршінің мысығы

Әсия мысықты қатты жақсы көреді. Көрші баланың әкесі бір күні көрші балаға мысық әкеліп берді. Мысық әп-әдемі. Әсия мысыққа қатты қызықты. Әсия есіктің алдында жүрген мысықты пыш-пыштап шақырып алды. Әсия мысықпен күні бойы ойнады, мысыққа тамақ берді. Әсияның мысықты көршісіне көрсетпей тығып қойғысы келді. Тарғыл мысықпен аулаға шыққаны сол еді, мысық Әсияның қолынан секіріп түсіп, өзінің ауласына тұра қашты.

Дескриптор *Білім алушы*

- қайталанған сөздерді сәйкес сөзбен алмастырып жазады;
- сөздерді мағынасына қарай орынды қолданады;
- каллиграфиялық талаптарды сақтап жазады.

2-ТОҚСАН

Бөлім: Тыңдалым және айтылым

Бөлімше 1.1 Шығарманың мазмұнын түсіну

Оқу мақсаты 3.1.1.1 Шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтін бойынша ашық сұрақтар қояды және жауап береді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңда.

Күн мен ай

Өте ерте заманда Жер-Ананы Күн мен Ай айналып жүріпті. Таң атқанда Күн төңірекке нұрын шашыпты. Ол қызарып ұясына батқан шақта, толықсыған Ай сүттей жарығын көпке сыйлапты.

Күн соңынан күндер, жыл соңынан жылдар өтіпті. Бірде Күн мен Ай «Күн жақсы ма, Ай жақсы ма?» деген сұрақтың шешімін таба алмай, өзара өкпелесіп қалады.

Күн айтады:

– Мен Жер бетіне сәуле, жылу таратамын. Адамдар ерте тұрып еңбек етеді. Жолға шығып, ұзаққа сапар шегеді. Мен ұяма батқан кезде бүкіл тіршілік атаулысы бір сәт дамыл тауып, демалады.

Ай да уәжді сөзден қалыспайды:

– Мен Ай десе аймын. Сен айналаны қараңғыға бояған сәтте түндерді аппақ нұрға бөлеймін. Балалар ай нұрына шомылып жасырынбақ ойнайды.

Күн мен Айдың өзді-өзін мақтай сөйлеген лебіздерін Жер - Ана байыппен тыңдап, былай депті:

– Күнім мен Айым, екеуіңнің сөздерің көңіліме дөп тиді. Сендер болмасаңдар, мен бусанып жатпас ем. Бірің жылу дарытып, топыраққа түскен дәнге жан бітіресің. Ал Ай болса, мызғыған тіршілікке сұлулық әкеледі. Шаршаған жанға қуат береді. Сондықтан екеуің де маған қымбатсыңдар. Күн де, Ай да әманда бірі оңымнан, бірі солымнан туа берсін.

Содан бері Жер - Ананы мекен еткен төл перзенттері өздерінің ұлын еркелетсе «Күнім» деп, қызына мейірлене «Айым» дейтін болыпты. Дүниеде одан жақсы тенеу болмайтынына еш күмән келтірмепті.

- Жұбыңа мәтіннің мазмұны бойынша 3 сұрақ қой.
- Жұптағы оқушының қойған сұрақтарына жауап бер.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады;
- мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.

Бөлімше 1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау

Оқу мақсаты 3.1.3.1 Шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Оқиғаның негізінде сюжеттің дамуын болжайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану
Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

Жұптық жұмыс

Мәтінді мұқият тыңда. Әрі қарай не болады деп ойлайсың? Күн мен мұздың арасындағы диалогті жалғастыр.

Мейірім

Мұз сұп-суық еді. Күн ұзақ шатырға ілініп ап, міз бақпай тұра беруден жалықпайтын. Балалар қызығып ұстағысы келсе, өзінің сұп-суық денесімен қарып алатын. Оған адамдардың мейірімі жетпейтін еді. Ол өткен-кеткендерден мейірім күтіп, ұзақ тұрды. Мейірім үшін өзін құрбан етуге, еріп су боп ағып кетуге бар еді.

Көктем келді. Күн шықты. Күн жер бетіндегі тіршіліктің бәрін бірдей көретін. Кенет мұзға көзі түсті. Сол-ақ екен, күлімдеп:

— Неткен сұлу едің? - деді Күн.

—

—

Дескриптор *Білім алушы*

- оқиғаның соңын болжап айтады;
- тақырыпқа сәйкес диалог құрастырады.

Бөлімше 1.4 Тыңдарманның назарын аударту

Оқу мақсаты 3.1.4.1 Сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді/ нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді қолданады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Бірде Эйнштейн көз ілмек болып қызметшісіне: «Мені жарты сағаттан кейін оятыңызшы» — депті. Ғалымға жаны ашыған қызметшісі біраз тынығып алсын деп, бір сағаттан кейін оятыпты. Тұра сала жалма-жан сағатқа қараған ғалым жарты сағаттан кейін оятпаған қызметкеріне қатты ренжіп, «Ал, жарты сағатымды қайтарып беріңіз» депті.

«Ұрланған заттың орнын басқа нәрсемен толтыруға болады, ал қымбат уақыттың орнын ешқашан толтыра алмайсың», деп Гете де уақыт мәселесіне салғырт қарамаған екен.

Ал қытай халқында «Сағат сатып алсаң да, уақыт сатып ала алмайсың» деген мақал бар екен. Ендеше, қайта айналып келмейтін алтын уақытты өте тиімді пайдалану керек.

- Эйнштейн неліктен ашуланды?
- Гете уақытты қалай бағалаған екен?
- Қытай халқы уақытты қалай бағалайды?
- Уақытты бағалау дегенді қалай түсінесің? Мақал-мәтелдерді қолданып сөйле.

Дескриптор

Білім алушы

- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;
- уақытты бағалау туралы ойын айтады;
- сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді қолданады.

Бөлімше 1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру

Оқу мақсаты 3.1.5.1 Өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Ойын бейнелі сөздердің көмегімен жеткізеді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңда. Мәтіннің мазмұнын айт. Сөйлеу барысында көркем сөздерді қолдан.

Ертеде Данияр деген бала болыпты. Қалалы жерде өмірге келген оның денсаулығы нашар екен. Жиі-жиі сырқаттанып, ауруханаға түсе беріпті. Бір қызығы — ол өзінің аурушандығына онша қынжыла қоймапты. «Бала болғаннан кейін, осылай науқастану керек шығар», — деп ойлапты. Сөйтіп жүріп, әртүрлі ем алуға, дәрі-дәрмекке еті үйреніп кетіпті.

Даниярдың көзін аша салып көргені — қабат-қабат биік үйлер, асфальт төселген кең көшелер, жарқылдаған жарықтар, арлы-берлі ағылған қалың машина. Солардың арасында жасыл желекті ағаштар мен қызыл ала гүлдер кездесіп қалады. Данияр енді сол гүлдерді көру үшін көшеге шығатын болды. Ол әлгі гүлдерді өзіне ұқсатты.

- Данияр гүлдерді неліктен өзіне ұқсатты деп ойлайсың?

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды;
- сөйлеу барысында көркем сөздерді орынды қолданады;
- мәтіннің кейіпкеріне қатысты ойын айтады.

Бөлім: Оқылым

Бөлімше 2.1 Оқу түрлерін қолдану

Оқу мақсаты 3.2.1.1 Мәтінді дауыстап түсініп/ рөлге бөліп/ мәнерлеп/ теріп оқу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтінді қатесіз, түсініп оқиды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Мәтінді дауыстап оқы.

Балалық шақ

Менің туған отбасым – кәдімгі отбасыларының бірі. Әкемнің аздаған білімі болатын. Қолы өнерлі еді. Сондықтан ол ағаш ұстасы, шешем сауыншы болды. Тұрмыс жақсарып, жұрт дәулетті тұрды. Біздің үйіміз ауылдың шетінде тұратын. Кішкене бақшамызда алма, шие, алша, қарақат өсетін. Үй сыртындағы алаңда балалар асыр салып ойнайтын. Өзімнің үш жасар кезім әлі есімде. Апам мейрам күні мектепке ала барды. Мен орындыққа шығып тұрып, тақпақ айттым. Оқушылар мені мақтап, қол шапалақтады. Содан былай мен мектепке баруды арман еттім. Ағам мен апамдай сабақ оқығым келді. Құрбыларыммен бірге мектептің терезесінен сығалап, шәкірттердің жазу жазғанын қызыға қарап тұратынмын.

- Сұрақтарға жауап бер.
 - ✓ Кейіпкердің ата-анасы қандай адамдар?
 - ✓ Олар қалай тұратын?
 - ✓ Кейіпкердің 3 жасар кезінде қандай оқиға болды? Сол оқиғаны баяндап бер.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтінді қатесіз оқиды;
- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;
- мәтіннің үзіндісін жүйелі мазмұндайды.

Бөлімше 2.1 Оқу түрлерін қолдану

Оқу мақсаты

3.2.1.2 Шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп/ шолып/ түртіп алып/ қажетті ақпаратты тауып/ белгі қойып/сын тұрғысынан бағалап оқу

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Мәтіннен қажетті ақпаратты тауып оқиды

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Мәтінді түсініп оқы.

Астана қаласының тарихына үңілсек, бұрынғы Ақмола қаласы 1961 жылдан бастап Қазақстан жерінде тыңның көтерілуіне байланысты Целиноград деп аталған еді. 1993 жылдан бастап, Ақмола атын қайтып алды. 1998 жылдың жазынан бастап Қазақстан Президентінің жарлығымен Астана деген атқа ие болды.

Жаңа Астанада Парламент ғимараты, Бейбітшілік пен келісім сарайы, «Думан» ойын-сауық орталығы, Ұлттық опера және балет театры т.б көркіне көз тоймас ғажайып ғимараттар көп.

Болашақта Астана нағыз ғылымның, мәдениеттің қаласы болады.

- Астана қаласының әр жылдардағы атауларын тауып, кестеге түсір.

| 1961 жылы | 1993 жылы | 1998 жылы |
|-----------|-----------|-----------|
| | | |

- Мәтіннен суретте бейнеленген ғимараттардың атауын тауып жаз.



- Соңғы сөйлемді қалай түсінесің? Ойыңды айт.

Дескриптор

Білім алушы

- Астана қаласының атауларын анықтайды;
- суретте бейнеленген ғимараттардың атауын жазады;
- мәтіннің қорытынды бөліміне қатысты ойын айтады..

Бөлімше 2.2 Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру

Оқу мақсаты 3.2.2.1 Шығарма мазмұны бойынша қолдануға (практикалық), бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтін мазмұны бойынша бағалауға негізделген сұрақтар қояды және жауап береді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Мәтінді түсініп оқы.

Бір минут

Отбасы мүшелерінің барлығы жинақылықты, нақтылықты жақсы көреді. Тек Талғат қана ылғи кешігіп жүреді. Әке-шешесі дастарқанға шақырған кезде:

- Қазір, бір минуттан кейін барамын, -деп Талғат кітабын оқи беретін.

Бұл оның әдеттегі жауабы еді. Үнемі осылай болатын: Оны шақырғанда немесе бір нәрсені істеуді өтінген кезде ол: «Бір минут күте тұрыңызшы» деп тостырып қоятын.

Әкесі оған:

- Сен уақытты қадірлеуді қашан үйренесің? –дейтін.

- Бір минут деген көп уақыт па?- деп жауап беретін Талғат.

Бір күні мектепте шаңғы жарысы өтті. Талғат шаңғыны жақсы тебетін. Ол өзінің бірінші болып келетініне сенімді еді. Бірақ бұл жолы жеңімпаз бола алмады. Сыныптасы одан бір минутқа озып келді. Екінші орын алған Талғат үйге көңілсіз қайтты. Жеңіліп қалғанын айтқан кезде, әкесі жымысып:

- Қалай, балам, бір минут деген көп уақыт па екен?, - деді.

Бір минуттың қаншалықты маңызды екенін Талғат сонда ғана түсінді.

- Мәтін бойынша кейіпкердің іс-әрекетін/мінез-құлқын бағалауға арналған сұрақтар құрастыр.
- Сыныптастарыңның сұрағына жауап бер.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтін бойынша бағалауға негізделген сұрақтар құрастырады;
- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.

Бөлімше 2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтау

Оқу мақсаты 3.2.3.1 Шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін/сөйлемді табу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтінге тақырып қояды
- Мәтіндегі негізгі ойды білдіретін сөйлемді анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Өлеңнің үзіндісін түсініп оқы.

| | |
|---|--|
| <p>Уақыт-ай, уақыт, зырлайды, Артына мойын бұрмайды. Кешіксең бітті, ол сені Бір секунд күтіп тұрмайды.</p> <p>Біреудің күні өтпейді, Біреуге уақыт жетпейді. Есептеп үйрен уақытты, Еңбегің зая кетпейді.</p> <p>Бұл уақыт деген шынымен, Өлшенбес сағат тілімен. Өлшенер уақыт – іспенен, Не істедің бүгін күнімен?!</p> <p>Дүбірін сезіп алыстан, Заманмен мынау жарысқан. Уақытын дұрыс жұмсайтын Адамдар нағыз данышпан!</p> | <p>Өмірін ойлап талайдың, Тарихын зерттеп қараймын. Бір күні босқа өтпепті, Яссауи, Шоқан, Абайдың.</p> <p>Өмірдің мәнін ұғып ал, Білім ал, бәрін біліп ал. Қадірін білген уақыттың, Қазақтан шыққан ұлылар.</p> <p>Ойлама бәрін білем деп, Шалқып та тасып жүрем деп. Уақытың – алтын қазынаң, Жұмсауың керек үнемдеп.</p> <p>Қайтарылмайды бұл уақыт, Қайталанбайды бұл уақыт. Таппайсың ертең іздесең, Қайта оралмайды бұл уақыт.</p> |
|---|--|

- «Уақытты бағалау» дегенді сен қалай түсінесің?
- Өз уақытыңның көбін неге арнап жүрсің?
- Өлең арқылы автордың не айтқысы келді? Өлеңнен автордың негізгі ойын білдіретін сөйлемдерді тауып, қоршап сыз.
- Өлеңге тақырып қой.

Дескриптор *Білім алушы*

- сұрақтарға қатысты ойын айтады;
- автордың негізгі ойын білдіретін сөйлемдерді анықтайды;
- өлең мазмұнына сәйкес тақырып қояды.

Бөлімше 2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау

Оқу мақсаты

3.2.4.1 Өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Мысалдың жанрлық ерекшеліктерін сипаттайды


Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Өлеңді түсініп оқы. Шығарма қай жанрда жазылған? Шығармаға тән ерекшеліктерді сипаттап айт.

Аққу, шортан һәм шаян



Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,
Жегіліп, тартты үшеуі дүркін-дүркін.
Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,
Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін.

Бұлардың машақаты аз болмады,
Жұмысы орнына кеп маз болмады.
Тартса да бар күштерін аямай-ақ,
Аслан жүк орнынан қозғалмады.

Оншама ол жүк артық ауыр емес,
Құр сырттан «пәлен» деу де тәуір емес.
Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр,
Бірыңғай тартпаған соң бәрі тегіс.

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

А. Байтұрсынұлы

Дескриптор

Білім алушы

- көркем шығарманың жанрын анықтайды;
- мысал жанрына тән ерекшеліктерді атайды.

Бөлімше 2.5 Шығарманың композициясын анықтау

Оқу мақсаты 3.2.5.1 Көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажыратады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Мәтінді түсініп оқы.

Еңбекпен тапқан тиын

Ертеде біреудің ерке ұлы болыпты. Өзі жалқау екен. Әкесі оны бағып-қағып, асырапты. Ақыры кәрілік жеңіп, сырқаты күшейген қарт әйеліне айтыпты:

—Ұлыма ештеңе қалдырмаймын. Ол – жалқау. Барды ұқсату, табыс табу бұның қолынан келмейді.

Жаны ашыған анасы ұлына он сомдық ақша береді де: Қараңғы түскенге дейін бір жерде бола тұр. Үйге келген соң «Мынаны еңбегіме алған едім» деп әкеңе бер, -дейді.

Баласы анасының айтқан сөзін бұлжытпай орындайды. Кешке ақшаны әкесіне әкеп береді. Әкесі оны лаулап жанып жатқан пешке лақтырып жіберіп:

— Бұл сенің еңбектеніп тапқан ақшаң емес, - депті.

Қулықтан ештеңе шықпайтынын білген анасы:

—Біз әкенді алдай алмайтын көрінеміз, балам. Одан да өзің жұмыс істеп, ақша тап, - деп ақыл айтыпты.

Бала үйінен кетіп, апта бойы жұмыс істейді. Тапқан тиынын әкесіне әкеп береді. Қария ақшаны тағы да отқа лақтырып жібереді. Ұлы бұған шыдай алмай, ақшаны жалаңаш қолымен оттан суырып алады да:

—Әке! Мен бұл ақшаны апта бойы шаршап-шалдығып жүріп таптым. Мұныңыз қалай? – деп жылап жіберіпті.

Сонда әкесі тұрып:

—Бұл ақшаны шынында да өз еңбегіңмен тапқан екенсің, балам. Көзім енді жетті, - депті ұлына.

- Мәтінді 3 бөлікке бөл. Әр бөлікке ат қой.

| |
|------|
| Басы |
| |

| |
|----------------|
| Негізгі бөлімі |
| |

| |
|------|
| Соңы |
| |

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайды;
- мәтіннің әр бөлігіне сәйкес ат қояды.

Бөлімше 2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау

Оқу мақсаты 3.2.6.1 Кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтін кейіпкерінің портретін сипаттайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Мәтінді түсініп оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Байлық

Бұрынғы өткен заманда бір дана кісі қайтыс боларының алдында жалғыз қалып бара жатқан баласына: «Шырағым, жер астына көмген көп қазынам бар, соны қазып алсаң, қарның аш болмас, киімсіз болмассың» – депті.


Әкесі қайтыс болған соң, жетім баласы үйдің айналасындағы жерді ертеңді-кеш қазып, көп машақаттанады. Бірақ әкесі айтқан қазынаны таба алмайды.

Ол шаршап, шалдығып, ақырында көпті көрген бір данышпан қарияға келеді. Әкесінің айтқан өсиетін айтып, өзінің көп әуре болғанын баяндайды. Енді не қылсам екен дейді:

– Балам, сен әкеңнің өсиетін түсінбеген екенсің. Әкең саған мирасқа жер қалдырыпты. Сол жерді күштің жеткенше күтіп, егін егіп, еңбек етсең, өнімін төкпей-шашпай уақытында жиып алсаң, сонда сен байлықтың астында қаласың. Аш та, жалаңаш та болмайсың. Байлық жерде, еңбекте, – депті қария.

Бала әкесінің айтқан өсиетін енді ғана түсініп, оны орындауға кіріскен екен.

- Бала әкесінің өсиетін қалай түсінді?
- Баланың әкесі айтқан өсиетті орындауына не себеп болды?
- Сенің ойыңша ол қандай бала? Балаға мінездеме бер.



Дескриптор *Білім алушы*

- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;
- кейіпкерге сәйкес мінездеме береді.

Бөлімше 2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау

Оқу мақсаты 3.2.7.1 Мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіндегі көркем сөздерді анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Мәтінді түсініп оқы.

Ән құдіреті

Балапанның нәзік қанатындай дірілдеп, нәзік көтерілген ән ырғағы бірте-бірте ширап, қатайып, әуелей берді. Берден ә дегенде елең етіп, қалт бұрылған қалпы серігінен көз алмай қарап қалды. Мұндай әсерлі дауысты бұрын естіген емес-ті. Жүрегі езілердей болып, елти, елжірей тыңдады. Мына дүниені ұмытып, өзге бір сырлы әлемге еніп кеткендей, оң мен түстей күйде еді. Егіліп, әлденеге ағыл-тегіл жылағысы келеді. Біресе кеудесіне шым-шымдап жылы шуақ құйылып жатқандай, сол шуақтан көңілі шаттыққа толып, қуанышқа бөленгендей. Бар ықыласы сағыныш сазды әнге ауып, ән айтып отырған келіншекке сүйсіне, қызыға қарай берді.

- Ән тыңдаушыға қалай әсер етті?
- Автор әннің әсерін қалай сипаттаған? Мәтіннен әннің әсерін, құдіретін сипаттайтын көркем сөздерді теріп жаз.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтін бойынша сұраққа жауап береді;
- мәтіннен әнді сипаттайтын көркем сөздерді анықтайды.

Бөлімше 2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру

Оқу мақсаты 3.2.8.2 Мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация/ музыка (күй)/ мультфильм) нұсқасымен салыстыру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Шығарманы басқа үлгідегі нұсқасымен салыстыра сипаттайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Мәтінді түсініп оқы.

Ай неге жалаңаш қалды?

Бірде Ай өзіне көйлек тіктіріп алмақ болыпты. Тігінші айдың бой тұрқын өлшеп алады да, көйлекті тігуге кіріседі. Уәделескен күні Ай көйлегін алуға келсе, көйлегі әрі тар, әрі қысқа болып шығыпты.

- Иә, мен қателескен екенмін, - дейді тігінші. Сөйтіп, көйлекті қайта пішіп, қайта тіге бастайды. Уәделескен мерзім жақындап, Ай көйлегін алуға тігіншіге тағы келеді.

Бұл жолы да Айға көйлегі шақ келмей, қысқа болып қалыпты.

- Иә, тағы да дұрыс өлшемеген екенмін ғой, - деп ойлапты Айдың толыса беретінін түсінбеген тігінші. Сонымен қайта өлшеп, қайта пішіп, қайтадан тігуге кіріседі.

Бірде Ай тағы да көйлегін алуға келе жатады. Тігінші киіз үйдің түндігінен аспанда келе жатқан топ-толық, өзі тіккен көйлектен екі есе үлкен Айды көреді. Ол не істерін білмей, басы ауған жаққа қаша жөнеледі. Ай тігіншіні ары іздеп, бері іздеп, таба алмай қалады. Содан бері Ай көйлексіз, жалаңаш қалыпты.

- Берілген сілтеме арқылы ([youtube.com/watch?v=ZjX4A57Dlrc](https://www.youtube.com/watch?v=ZjX4A57Dlrc)) «Ай мен тігінші» мультфильмін мұқият тамашала. Мультфильм мен мәтінді салыстыр. Қандай ұқсастығы мен айырмашылығы бар?

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіннің мультфильммен ұқсастығын анықтайды;
- мәтіннің мультфильм түріндегі нұсқасынан айырмашылығын сипаттайды.

Бөлімше 2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу

Оқу мақсаты 3.2.9.1 Шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильм нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіннің мазмұнына сәйкес мәліметтер тауып, кестеге түсіреді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтіндерді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

Қазақ жерінде тамырын тереңге тартқан қалалар өте көп. Соның бірі өзінің 2000 жылдығын атап өткен - Тараз қаласы. Орта ғасырларда Тараз Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан қалаларының бірі болған. Ескерткіштердің түгелдей жойылғанына қарамастан көп жылғы археологиялық жұмыстардың нәтижесінде Тараз өмірінің әртүрлі кезеңдерін сипаттайтын елеулі материалдар жинақталған.

Түркістан қаласының іргетасы V-VI ғасырларда қаланған. Есім ханнан бастау алып, XIV-XVIII ғасырларда Қазақ хандығының астанасы болған. Археологтар қаланың тарихы тереңде жатқанын дәлелдеп отыр. Түркістан қаласының айналасындағы ескерткіштер бұл өңірде адамдардың кем дегенде 550 мың жыл бұрын мекен еткенін көрсетеді.

Отырар VIII ғасырдың басынан Фараб аймағымен белгілі болған. Қала IX ғасырдың өзінде-ақ ірі қала болған. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, қалада сол кезде әлемдегі аса ірі кітапхана және көптеген мешіт-медреселер болған. 1219 жылы Отырарға моңғолдар шауып, қала қиратылып, тұрғындары қырғынға ұшырайды. Қазіргі уақытта Отырар бесбұрыш тәріздес төбе болып көрінеді.

- Мәтінді және басқа да дереккөздерді пайдаланып, көне қалалардың бірі туралы мәлімет жинастыр. Ақпараттарды кестеге түсір.
- Кестеге сүйеніп, сипаттап айт.

| Тараз | Түркістан | Отырар |
|-------|-----------|--------|
| | | |

Дескриптор

Білім алушы

- тақырыпқа сәйкес ақпараттарды іріктейді;
- ақпаратқа сүйеніп, көне қаланы сипаттайды.

Бөлім: Жазылым

Бөлімше 3.1 Шығарманың жоспарын құру

Оқу мақсаты 3.3.1.1 Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайды
- Мәтін бөліктеріне тақырып қояды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтінді түсініп оқы. Мәтіннің бастапқы, ортаңғы және соңғы бөлімдерін тауып, қоршап сыз.

Шахтада

Менің шахтаны көргім келді. Оның қайда екенін білуші едім. Тау етегінде үлкен үй тұр. Шахтаға кірер ауыз сол жерде. Ақыры шыдамадым. Көкем сыйлаған қолшамымды алдым да, шахтаға тарттым. Өйткені шахта жер астында. Ал жер астында күн болмайтынын көкем айтқан. Үйге кірсем, іші толған шахтерлер екен. Ерсілі- қарсылы ағылып жатыр. Бір ағайдың соңынан ере бердім. Көп есіктен өтіп, үлкен бір залға келдік. Залдың ортасында темір тор тұр. Сол сәтте тор ішінен қоңырау шылдырлады. Мұртты ағай жүгіріп барды да, тордың есігін жапты. Міне, қызық! Темір есіктің арғы жағында тұрған шахтерлер әп-сәтте жоқ болып кетті. Залда мұртты ағай екеуміз ғана қалдық.

- Әр бөлікке ат қой.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажыратады;
- мәтіннің әр бөлігіне сәйкес тақырып қояды.

Бөлімше 3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу

Оқу мақсаты 3.3.2.1 Шығарма кейіпкеріне хат/ ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту.)/ өлең (төрт жолды)/ әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Шығарманың кейіпкеріне хат жазады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Мәтінді түсініп оқы.

Сәуленің кірпіші

Қаланың күнге жақ шеті бос жатушы еді. Ол тұста жазда мал жайылатын. Балалар доп ойнайтын. Қыста аппақ қар басып жататын. Сол жерде балалар шаңғы тебетін.

Өткен жазда бұл жерге құрылысшылар келді. Жүк көтеретін крандар пайда болды. Көп ұзамай биік үйлер салына бастады.

Сәуленің үйі осы жерге жақын болатын. Ол бұл өзгерісті күнде терезеден көріп жүрді. Әкесінен ол үйлердің кімдікі екенін сұрады. Үйлер осындағы ескі, кішкене үйде тұратындарға арнап салынып жатыр екен. Мұны естіген Сәуле үйлердің салынып бітуін асыға күтті.

Бір күні Сәуле есік алдында ойнап жүр еді. Үстіне кірпіш тиеген жүк мәшинесі өтіп бара жатқан. Арықтан өте бергенде бір кірпіші жерге түсіп қалды. Мұны көрген Сәуле қол бұлғап, айқай салды. Жүргізуші естімеді.

Сәуле түсіп қалған кірпішті көтеріп алды да, мәшиненің соңынан жүгіріп, құрылыс басына келді. Арада бір сағаттай уақыт өткенде Сәуленің кірпіші жылдам биіктеп бара жатқан үйдің қабырғасынан өз орнын тапты.

- Сәуле кірпішті қайдан алды?
- Ол кірпішті неліктен құрылысқа алып келді деп ойлайсың?
- Соңғы сөйлемдегі «Сәуленің кірпіші өз орнын тапты»дегенді қалай түсіндің?
- Сен Сәуленің іс-әрекетіне қалай қарайсың? Сәулеге арнап хат жаз.

Дескриптор *Білім алушы*

- сұрақтардың негізінде ой бөліседі;
- кейіпкерге өзіндік көзқарасын білдіріп хат жазады;
- хаттың құрылымын сақтайды;
- сөздерді/сөйлемдерді қатесіз жазады.

Бөлімше 3.4 Қатені табу және түзету

Оқу мақсаты 3.3.4.1. Мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету


Бағалау критерийі Білім алушы

- Жіберілген қателерді анықтап, түзетеді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Өлеңді түсініп оқы және жатқа жаз. Қатесін тексер және түзет.

Адамдық – борышың



Адамдық – борышың
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай
Ар сақта, оны біл.
Талаптан да, білім мен өнер үйрен,
Білімсіз, өнерсіз,
Болады ақыл тұл.

Ш. Құдайбердіұлы

Дескриптор *Білім алушы*

- өлең мазмұнын жатқа жазады;
- жіберілген грамматикалық қателерді тауып, түзетеді;
- жіберілген пунктуациялық қателерді тауып, түзетеді.

3-ТОҚСАН

Бөлім: Тыңдалым және айтылым

Бөлімше 1.2 Шығарманы мазмұндау

Оқу мақсаты 3.1.2.1 Шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық/таңдауына қарай мазмұндау/ сахналау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын айтады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Мәтінді мұқият тыңда.

Көктем кезі. Шоқан ауылына жер картасын жасайтын Сотников деген кісі келді. Шоқан да сол кісімен бірге даланы жиі аралады. Сотников салған суреттерге еліктеп, тауды, көлді бейнеледі.

Бір күні оған Мысықтың балшықтан жасаған күймесін көрсетті.

- Мынаны кім жасаған? - деп сұрады Сотников.

- Менің жолдасым - Мысық.

- Ол қайда?

- Ауылда.

- Оқыған ба?

- Жок, оқымаған.

- Бұл өнерпаз бала екен. Оған білім керек. Білім беру үшін мектеп ашу қажет. Сенің қалаға барып оқығаның жөн. Оқып, білімді болған соң Мысық сияқтыларды үйретесің, - деді Сотников.

Шоқан алыс қырға қарап, ойланып тұрып қалды.

- Мәтін бөліктерінің ретін анықтап, цифрмен белгіле.

Балшықтан жасалған күйме

Сотниковтың кеңесі

Шоқанның арманы

Карта жасайтын кісі

- Құраған жоспарға сүйеніп, мәтіннің мазмұнын айт.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтін бөліктерінің ретін анықтайды;
- мәтіннің мазмұнын жоспарға сәйкес баяндайды.

Бөлімше 1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау

Оқу мақсаты

3.1.3.1 Шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Оқиғаның негізінде сюжеттің соңын болжайды

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңда. Әрі қарай не болады деп ойлайсың? Мәтінге сүйеніп, суреттегі кейіпкерлер арасында диалог құрастыр.

Бозторғай өзінің туысы қараторғаймен көрші тұрады. Ертелі-кеш ән салып, көңілін көтеретін. Қараторғайдың да шықылдап бірсыдырғы ыңылдайтын «әндері» болатын. Бозторғайдың әнінен кейін, оның шықылы аяқ асты болып ескерусіз қалды. Өзін әншілердің санатына қосып жүрген қараторғайды күншілдік жеңді. Бозторғай әндете бастаса, қабағын түйіп, ашуын шақырып:
— Сен-ақ шықылдаудан жалықпайды екенсің? Не дауыс, не әуен жоқ, сенің әніңді кім тыңдасын,- деп жақтырмайтын...

Сен-ақ шықылдаудан жалықпайды екенсің? Не дауыс, не әуен жоқ, сенің әніңді кім тыңдасын.



Дескриптор

Білім алушы

- тақырыпқа сәйкес диалог құрастырады;
- мәтіндегі оқиғаны жүйелі жалғастырады;
- сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.

Бөлімше 1.4 Тыңдарманның назарын аударту

Оқу мақсаты 3.1.4.1 Сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді/ нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді қолданады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Бірде әл-Фараби Бағдат қаласы әмірінің сарайына барыпты. Ол жерде ғалымдар, әкімдер, өнерпаздар көп жиналған екен. Әл-Фараби елеусіз бір шетке барып отыра қалады да, өзі жасаған домбырасымен бір көңілді күй тартады. Күйді естіген адамдар мәз-мейрам болады. Әл-Фараби басқа бір қайғылы күй тартса, әлгі адамдар қамығып жылай бастайды. Осыдан кейін ол бір баяу күйді тартқанда сарайда отырғандар түгел ұйықтап қалыпты.

Фараби «Бұл күйлерді тартқан қыпшақ әл-Фараби» деп хат жазыпты да, өзі сарайдан шығып кетіпті. Әмірші оны қанша іздесе де таба алмапты.

- Әл-Фараби кім?
- Мәтіннен Әл-Фарабидің қарапайым адам екенін көрсететін тұсты тауып оқы.
- Әл-Фарабидің тартқан күйлері көпшілікке қалай әсер етті?
- Халықты өнерімен таңдандырған тағы қандай адамдарды білесің?
- «Өнер» дегенді қалай түсінесің? Өнер туралы ой қорытып айт. Мақал-мәтелдерді қолданып сөйле.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;
- мәтіннен қажетті ақпаратты анықтайды;
- берілген тақырыпқа қатысты ой қорытып айтады;
- сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді орынды қолданады.

Бөлімше 1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру

Оқу мақсаты 3.1.5.1 Өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Ойын бейнелі сөздердің көмегімен жеткізеді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Мәтінді мұқият тыңда.

Алматыда

Алда сенбі, жексенбі – екі күн демалыс. Батырхан туысқандарын Медеуге, Көктөбеге апарып, Алматыны армансыз аралатты. Алатаудың мал аяғы тимеген бұл бөктері Байбол ағасына қатты ұнады. Жасыл желек жамылған қалың шыршасы мен қаз-қатар тізілген қайыңдарды, желкілдеп тұрған көк шалғынды көргенде, көзі тұнып кетті. - Па, шіркін, жерім-ақ екен! «Жер жаннаты – Жетісу» деп тегін айтпаған ғой. Сайсайында күркіреп ағып жатқан көк қасқа бұлақтары қандай! Шөбі кеуіп, жасықтау болғанымен, төрт түлік қанша жайылса да, таусылып бермес-ау, жердің түгі, - деді айналасына жіті көз жіберіп.

- Мәтіннен табиғатты суреттеген көркем сөздерді теріп жаз.
- Көркем сөздерді қолдана отырып, еліміздің табиғатын сипаттап айт.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіннен табиғатты суреттеген көркем сөздерді анықтайды;
- табиғатты сипаттауда көркем сөздерді қолданады.

Бөлім: Оқылым

Бөлімше 2.1 Оқу түрлерін қолдану

Оқу мақсаты 3.2.1.2 Шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп/ шолып/ түртіп алып/ қажетті ақпаратты тауып/ белгі қойып/сын тұрғысынан бағалап оқу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіннен қажетті ақпаратты тауып оқиды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтіннен Барлас ақынның бала Абайдың зеректігін сипаттаған тұсты тауып, мәнерлеп оқы.

Ертеңіне жүруге ыңғайланған екі ақынды Абайдың тілегі бойынша Ұлжан жібермеді.

– Асықпай, әлі біраз күн қонақ болып, жатып кетіңдер,– деді.

Абай күндіз де, түнде де Барластардың қасынан шықпайды. Осы жолы Абай әрі өзі, әрі шешесі арқылы салмақ салып, Барлас пен Байкөкшені дәл бір айдай жібермей ұстап еді. Бұл уақыттарда жас бала Барлас, Байкөкшемен біржолата дос, жақын боп алды. Үйрене келе, түнде Барластың қойнына кіріп те жатады. Күндіз барынша күтеді. Бала Абайдың ұғымтал, зеректігіне қатты риза боп, шын сүйсінген Барлас бір оңашада жай ғана тақпақтап:

– Шырағым, ер жетерсің,

Ер жетсең, сірә, не етерсің.

Алысқа шырқап кетерсің,

Шындасаң, шыңға жетерсің,– деп еді.

Барлас ақын бала Абайдың бойындағы мол дарын-қасиетті сол кезде-ақ байқаған болатын.

- Мәтіндегі деректерді қолданып, бала Абайға мінездеме бер.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіннен қажетті ақпаратты анықтайды;
- үзіндіні мәнерлеп, қатесіз оқиды;
- кейіпкерге мінездеме береді.

Бөлімше 2.2 Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру

Оқу мақсаты 3.2.2.1 Қолдануға (практикалық), бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Бағалауға және қолдануға негізделген сұрақтар қояды
- Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтінді түсініп оқы. Сыныптасыңның әңгіме мазмұнын түсінгенін қалай тексерер едің? Сұрақтар құрастыр. Сыныптастарыңның сұрақтарына жауап бер.

Қасым ұста іске жарайды-ау деген мүйіздерді жыл он екі ай бойы жинап жүретін. Оның ішінде киіктің, арқардың, сиырдың, серкенің мүйіздері де болатын. Ол соның бәрін күн тимейтін саялы қалтарысқа жинап қоюшы еді. Көктем шығып, ел жайлауға көшерде Қасым қыстау қасынан ағатын бұлақтың табанындағы қара қорыс, көкала сазды белшесінен қазып, мүйіздерді көміп кететін.

Жаз өтіп, ел қыстауға оралғаннан бір, бір жарым айдан кейін Қасым ұста көктемгі көмбенің тоңын ойып, мүйізді үйге алып келеді. Оларды үйге әкелісімен жылы суға салып, саз-топырағын жуып тастайды. Ұста оларды барынша әрлеп, әсемдеп ожау, қамшы сап, құты-сауыт, тарақ, көзілдірік жасап шығаратын.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтін мазмұны бойынша қолдануға/бағалауға бағытталған сұрақтар қояды;
- мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.

Бөлімше 2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтау тақырыбы мен негізгі ойын анықтау

Оқу мақсаты 3.2.3.1 Шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін/сөйлемді табу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтінге тақырып қояды
- Мәтіннен негізгі ойды білдіретін бөлікті анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтінді түсініп оқы. Мәтінге ат қой. Мәтіннің негізгі ойын білдіріп тұрған бөлікті тауып, көшіріп жаз.

Фарабидің жастау кезі болса керек. Бір күні жолаушылап бара жатқан жолдасы: - Менің мына кітаптарымды сақтап қой, қайтып келген соң алармын,- деп, бір бума кітапты қолына ұстатады.

Әбунасыр оны үйіне апарып, сақтап қояды. Қолы босаған сәтте ол әлгі кітаптардың біреуін алып, көз жүгірте бастайды. Кітап сөздері ұнап қалады да, аяғына дейін оқып шығады. Бірақ онша түсіне қоймайды. Қайта оқиды. Сонда да ұғымы жетіңкіремейді. Үшінші мәрте оқиды. Тағы да қанағаттанбайды. Төртінші мәрте оқиды. Көңілі көншімейді. Ақыры кітаптағы ойды толық ұғып алғанша, қайта-қайта оқи береді. Сонда ғана жазылған жайлардың мағынасын айқын ұғып, анық түсінеді.

Осы табандылығының арқасында Әбунасыр ғылымға бой ұрып, асқан білікті философ болып жетілген екен деседі. «Табандылық кез келген кедергіне жеңеді» деген осы.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтінге сәйкес тақырып қояды;
- мәтіннің негізгі ойын білдіретін бөлікті анықтайды.

Бөлімше 2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау

Оқу мақсаты 3.2.4.1 Өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Әдеби шығармалардың жанрын анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну

Тапсырма
Мәтіндердің жанрын анықтап, сәйкестендір.

Ақыл көпке жеткізер,
Өнер көкке жеткізер.

Гүлге толсын өңірің,
Көңілді өтсін өмірің.
Асқа толсын табағың,
Ашық болсын қабағың.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл,
жылы жүрек.

Көтерілді көк байрақ,
Танып елді жер жаһан.
Шықты рингке серт байлап
Бекзат пенен Ермахан.

нақыл сөз

өлең

мақал

бата

- Өлең жанрына тән ерекшеліктерді сипаттап айт.

Дескриптор *Білім алушы*
- мәтіндердің жанрын анықтайды;
- өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін сипаттайды.

Бөлімше 2.5 Шығарманың композициясын анықтау

Оқу мақсаты 3.2.5.1 Көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіннің құрылымдық бөліктерін (басы, ортасы, соңы) ажыратады

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Тапсырма
Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

Тоған басында ойнап жүр едік.

– Бауыржан келіпті! Бауыржанды көрейік, – дегенді естіп қалдық. Аты аңызға айналған, кітаптан оқыған батырды көргенше асықтық. Асығып келсек те үйге кіре алмадық. Үлкендер жол бермейді, Қарақұл ата сыртқа шықты. Жүзі жайдары.

– Батыр ағаңа сәлем бер, – деді Қарақұл ата баласына. Өзі батырдың оң жағында отыр. Ол кісі Бауыржанның батырлығын жыр қылып айтатын. Батырдың қарамағында әскері болдым дегенде, аузымызды ашып қалатынбыз. Батырды жақсы көретіні сонша, кенже ұлының атын Бауыржан деп қойған. Енді, міне, ол батырдың қасында тұр.

– Қарақтарым-ау, біздің Бауыржанды көрдіңдер ме? Тез ертіп келе қойыңдаршы.

Қарақұл атаның Бауыржаны төменгі ескі сарайда шымшық ұяларынан балапан алып жүр екен. Ойынды қимай, әзер келді. Оған ілесіп ішке зып бердім. Төрде қырандай қомданып, тон жамылған бір кісі отыр. Айбатты, түсі суық.

- Мәтін кім туралы?
- Мәтіннің басын, ортасын, соңғы бөліктерін тауып, қоршап сыз.
- Әр бөлікке ат қой.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайды;
- мәтін бөліктеріне ат қояды.

Бөлімше 2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау

Оқу мақсаты 3.2.6.1 Кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтін кейіпкеріне мінездеме береді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Мәтінді түсініп оқы. Тапсырманы орында.

Хан баласына көп қазына беріп, өзіне дос жинауын өтінеді. Баласы сапарға шығып келген соң әкесіне:

– 100 дос тауып келдім, - депті.

– Қырық жыл хан болған менің өзімнің бір жарым ғана досым бар. Сен қалай бір жолғы сапардан 100 дос таптың, - дейді хан.

Ханның баласы бұл сөздің мағынасын түсінбей әкесіне қарап қалыпты. Сонда хан бір жарым досының тарихын айтады.

Ханның бірі бай, бірі кедей тұратын екі досы болған екен. Бірде хан сол екі досын сынамақ болыпты. Ол өтірік ауырып, достарына: мен үшін жаныңды қисаң, мен тірі қаламын, - депті. Сонда бай тұратын досы.

– Менің жанымды емес, малымды ал, балаларым көп еді, - депті. Хан кедей досын шақыртып, оған да соны айтыпты.

– Мен жанымды қидым, - депті сонда кедей досы.

– Неге? - деп сұрапты таңданған хан.

– Егер менің жаным халықтың ханын сақтап қалуға жараса, маған одан артықтың керегі не, - депті кедей досы.

Содан бері хан кедейді бүтін, ал байды жарты досым деп есептейді екен.

- Мәтінде қандай кейіпкерлер бар?
- Мәтіннің әр кейіпкеріне мінездеме бер.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіннің кейіпкерлерін анықтайды;
- мәтін кейіпкерлеріне мінездеме береді.

Бөлімше 2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау

| | |
|--|---|
| Оқу мақсаты | 3.2.7.1 Мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу |
| Бағалау критерийі | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">Шығармадан көркем сөздерді (кейіптеу) табады |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Қолдану |
| Тапсырма Өлеңді түсініп оқы. | |

Аппақ қыс



Ақ қолғаппен құшақтап
Сақылдайды қыс аппақ,
Өзен, теңіз, тау төбе,
Киген аппақ сәукеле.
Жатыр іздер жосылған,
Рояльдің басылған
Ақ тіліне ұқсап қап...
Ақ қыс-сұлу ақ өлең
Табанымның астында
Таңғажайып ақ әлем.
Сырласады сырласаң,
Қырға асады, қырға ассаң

Аппақ әлем сықырлап,
Жырлағалы тұр бассаң.
Жанарынан жас бітіп,
Тұр қыз күні сүйкімді.
Оянбасаң мәжбүр қып,
Ашатұғын ұйқынды.
Құлақ күйін оң бұрып,
Төнеді аспан төбемнен.
Аппақ қардан омбылап,
Көктем іздеп келем мен.

Т. Айбергенов

- Ақын қыс мезгілін кімге/неге ұқсатады? Қысты қалай сипаттайды? Өлең мазмұнын өз сөзіңмен әңгімеле.

| | |
|-------------------|--|
| Дескриптор | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">- мәтіндегі көркем сөздерді (кейіптеу) анықтайды;- өлең мазмұнын өз сөзімен әңгімелейді. |
|-------------------|--|

Бөлімше 2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру

| | |
|-----------------------------------|--|
| Оқу мақсаты | 3.2.8.1 Эпизодтерді салыстыру, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау |
| Бағалау критерийі | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">Оқиға барысында болған өзгерістерді анықтайды |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Қолдану |
| Тапсырма | Мәтінді түсініп оқы. |

Жұмаш пен Құрмаш жазда жайлауға барды. Құрмаш атасына көмектесіп, қозы бақты. Ал Жұмаш кешке дейін асық ойнап, тайға мініп маз болды. Оған күн тез батып кететін сияқты болып көрінді. «Жайлаудағы күннің қысқасы-ай!» – деп налыды ол. Құрмаш болса кешке дейін мал соңында жүріп, күнді батыра алмайды. Бірде Жұмаш ойыны қанбай қайтты да, Құрмашқа:

– Жайлау жақсы екен, тек күні қысқа, ойын енді қызып келе жатқанда батып кетеді, – деді. Құрмаш:

– Жоқ, күн қысқа емес, ойындарың қызық шығар, – десе де болмады. Екеуі жат та кеп таласты. Ақыры Құрмаш:

– Онда ертең менің орныма бір күн қозы бақ, – деді.

Жұмаш келісті. Ертеңіне ертемен қолына таяқ ұстап, қозыларды өріске шығарды. Қозылар төскейде мамырлай жайылып жатты. Ауыл жаққа көз тастап еді, балалар ойнап жүр екен. «Мен де барып ойнасам» деп асықты. Бірақ күн асықпады. Бір орнында тұрды да қойды. Көзін жұмып біраз отырып, күн жылжымады ма екен деп қайта ашса да болмады. Тіпті бір орнынан қозғалмай тұрғандай көрінді. «Бұл қалай, күнде мұндай емес еді ғой, – деп таңданды Жұмаш.

– Қой, мынау бүгін бататын күн емес», – деп, шыдамсызданып, түс болмай қозыны қораға айдап келді. Келген бетте Құрмашқа:

– Жайлаудың күні әртүрлі болады екен. Кейбір күндері қысқа, кей күні ұзақ. Әсіресе бүгін ең ұзақ күн болды, – деп, қозыны тастап, жүгіре жөнелді.

- Сұрақтарға жауап бер.
 - ✓ Мәтіндегі оқиғада қандай өзгеріс болды?
 - ✓ Оқиғаның басында Жұмаш үшін күннің қысқа болу себебі неде деп ойлайсың?
 - ✓ Оқиғаның соңында Жұмашқа күн неліктен ұзақ болып көрінді?
 - ✓ Жұмаштың сөзімен келісесің бе?

| | |
|-------------------|---|
| Дескриптор | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">- мәтіндегі оқиғада болған өзгерістерді атайды;- кейіпкердің іс-әрекетінің өзгеру себебін түсіндіреді;- кейіпкердің ойына қатысты пікір білдіреді. |
|-------------------|---|

Бөлімше 2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу

Оқу мақсаты 3.2.9.1 Шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильм нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіннің мазмұнына сәйкес мәліметтерді анықтап, сызбамен көрсетеді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Мәтінді түсініп оқы.

Мұхтардың ата-анасы Абай ауылымен іргелес араласып тұратын, көңілі жақын адамдар екен. Ал Мұхтар әжесі мен атасының бауырында өскен. Атасы Әуез үлкен ұлы Омархан мен келіні Нұржамалдан туған тұңғыш немересіне Мұхтар деп ат қойған. Себебі «Мұхтар» деген сөздің «азат», «білімді», «таңдаулы» деген мағынаны білдіретінін көкірегіне түйген. Әуез қарт өзінің немересіне Абайдың өлеңдерін оқытып, жаттататын болған. Мұхтар сауатын әліппемен емес, Абай өлеңдерімен ашты. Оның бүгінгі күнгі жеткен жетістіктері де осының арқасында болар.

- Сұрақтарға жауап бер.
 - ✓ Мұхтар Әуезов кім?
 - ✓ Мұхтар деген сөз қандай мағынаны береді?
 - ✓ Мұхтар Әуезов кімнің шығармаларымен сусындап өскен?
 - ✓ М. Әуезов туралы тағы қандай шығармалар оқыдың?
- Түрлі дереккөздерден М.Әуезов туралы ақпараттар жинақтап, кестеге түсір. Сыныптастарыңмен бөліс.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;
- мәтіннің мазмұнына сәйкес ақпараттар жинақтайды.

Бөлім: Жазылым

Бөлімше 3.1 Шығарманың жоспарын құру

Оқу мақсаты 3.3.1.1 Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайды
- Мәтін бөліктеріне тақырып қояды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтінді түсініп оқы.

Баяғыда бір патша халқын сынап көру үшін «Ешкім өз басына пайда қылмасын!» деген бұйрық таратыпты да, оны тексеру үшін үстіне ескі киім киіп, елді аралапты. Бір күні түнде шам жанып тұрған үйге қайыр сұраған кісі болып кірсе, етікші етік тігіп отыр екен. Етікші қайыршыға бір үзім нан береді. Сонда қайыршы:

- Сен неге патшаның бұйрығын орындамайсың? «Ешкім өз басына пайда қылмасын!» дегені қайда? - дейді.

- Себебі, мен жарлы адаммын. Күнде төрт теңге пайда табамын да, төрт теңге зиян қыламын. Осылай күн көріп отырмын. Патша ақылды болса, осыны білер еді», - дейді етікші.

Патша жауап қайтармастан үйіне келеді де, уәзірлерін шақырып алып:

- Менің бір сауалым бар. Күніне төрт теңге пайда, төрт теңге зиян қыламын. Сол пайдам мен зияным не? Үш күннің ішінде жауабын табыңдар. Өздерін білмесеңдер, білетін кісіні табыңдар- депті.

Уәзірлер шешуін таба алмай жүргенде баяғы етікші келіп:

- Мен патшаның сұрағына жауап тапсам, не бересіңдер? - дейді.

Уәзірлер көп ақша бермекші болады. Сонда етікші патшаға барады да:

- Тақсыр, мен етік тігіп, әр күні төрт теңге пайда, төрт теңге зиян қыламын. Ол былай: бір теңгені қарызға беремін, бір теңгені ескі қарызымды төлеуге беремін, бір теңгені құдыққа тастаймын, бір теңгені әйеліммен екеуімізге жұмсаймын, - депті.

Сонда патша:

- Әйеліңмен екеуіңе жұмсалған ақша түсінікті, қалған үш теңгенің жұмсалған орнын анықтап түсіндір, - депті.

Бұл сөзге етікші былай депті:

- «Бір теңгені қарызға беремін» дегенім, «Қартайғанда өзімді асырар» деп балама беремін. «Бір теңгені ескі қарызыма беремін» дегенім, оны өзімді асыраған кәрі әке-шешеме беремін. «Бір теңгені құдыққа тастаймын» дегенім, қызым бар, соған беремін дегенім, - депті.

Сонда патша: «Бұл етікші ақылды адам екен», - деп, өзіне уәзір сайлапты.

- Сұрақтардың көмегімен мәтіннің басын, ортасын және соңғы бөлігін тауып, қоршап сыз. Әр бөлікке ат қой.

| Сұрақтар | Тақырыптар |
|--|-------------------|
| Оқиға неден басталды? Патша қандай бұйрық шығарды? | |
| Түнге қарай патша не істеді? Ол етікшімен не туралы сөйлесті? Уәзірлеріне қандай сауал қойды? Әрі қарай не болды? | |
| Етікші сұрақтың жауабын қалай түсіндірді? Оқиға қалай аяқталды? | |

Дескриптор

Білім алушы

- мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажыратады;
- әр бөлікке сәйкес тақырып қояды.

Бөлімше 3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу

Оқу мақсаты 3.3.2.1 Шығарма кейіпкеріне хат/ ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту...)/ өлең (төрт жолды)/ әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Оқығаны бойынша әңгіме құрап жазады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Мәтінді түсініп оқы.

Бір қалада ағаштан неше түрлі сыбызғы, керней жасайтын шебер тұрыпты. Қала жұрты бұл адамның аты-жөнін білмегендіктен, оны «Шебер» деп атап кетіпті. Шебер өзінің жасаған заттарын сатпай, тегін таратады екен.

– Егер мен ақшаға сатсам, сыбызғы мен кернейлерім өздерінің әдемі үндерінен жұрдай болады. Сыбызғы да, керней де емес, кәдімгі ағаш қалпына түсіп, қу таяқ болып қалады. Сондықтан да бұл аспаптар сатылмайды, таңдағандарыңызды, қалағандарыңызды ала беріңіздер! – деп жар салып, жасаған аспаптарын тегін үлестіреді екен.

- Әрі қарай не болады деп ойлайсың? Оқиғаға тағы басқа кейіпкерлер немесе оқиға қосып, мәтінді жалғастырып жаз.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтінді оқиғаның мазмұнына сай жалғастырып жазады;
- өз ойын жүйелі жеткізеді;
- сөздер мен сөйлемдерді қатесіз жазады.

Бөлімше 3.4 Қатені табу және түзету

Оқу мақсаты

3.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету

Бағалау критерийі

Білім алушы


- Мәтіндегі стильдік қателерді анықтайды және түзетеді

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Хат қалай құрылған? Дұрыс жазылған ба? Қай бөлімдері жетіспейді? Хаттың мазмұнын дұрыстап, қайта жазып көр.



Дескриптор

Білім алушы

- хаттың құрылымын сақтайды;
- хаттың мазмұнын, стилін жетілдіреді;
- орфографиялық, пунктуациялық қателер жібермей жазады;
- каллиграфиялық нормаларды сақтайды.

4-ТОҚСАН

Бөлім: Тыңдалым және айтылым

Бөлімше 1.2 Шығарманы мазмұндау

Оқу мақсаты 3.1.2.1 Шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық/таңдауына қарай мазмұндау/ сахналау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Шығарманың мазмұнын өз сөзімен айтады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңда. Мәтіннің мазмұнын айт.

Жайықта

Көктемде Жайық өңіріне аққулар қос-қостан ұшып келеді. Талқайраңдағы көк шалғынға киіз үй тіккенбіз.

Таңертең ерте оянып, тысқа шықтым. Шығыс жақ - қызыл шақпақ. Сыртта тұрып сыбызғының үніндей сұлқылдаған аққулардың даусын тындадым. Тобымен орман ішінде қонды. Су сабалап сыңсыған аққудың үнін естідім. Сүрлеумен өзенге қарай жүгірдім.

Жалма-жан көйлегімді шешіп тастап, аққудың қасына жүзіп жеттім. Аузын ашып, айбат шекті. Аяғына қармақ кіріп кетіпті. Аяғынан ұстадым да, қармақтан босаттым.

Рақмет айтқандай, бір сұңқ етті де, арғы беттегі жасыл құрақ ішінде қиқу салып, мұны тосып жүрген тобына барып қосылды. Өзен жағасын әнге бөлеп, аққулар аспанға көтерілді.

Дескриптор

- Білім алушы*
- шығарманың мазмұнын жүйелі баяндайды;
 - сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.

Бөлімше 1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау

Оқу мақсаты 3.1.3.1 Шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Оқиғаға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану
Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

Берілген үзіндіні мұқият тыңда.

Тымық күнгі теңіз суы мөп-мөлдiр, түбi көрiнедi. Майда шабақтардың қыр арқалары көкпеңбек, қабыршақтары күмiстей жылтырайды. Ерiк тор құрып отырған. Торға түскен бiр дәу балық атылып шығып, суға түстi. Жоны көгiлдiр, бауыры аппақ. Ерiк оған қызығып кетiп, балықты бас сала құлады. Екеуi де тайдай тулап жүр. Балық әлсiрегендей болды...

- Сұрақтарға жауап бер.
 - ✓ Ерiк пен балықтың айқасы қалай жалғасты деп ойлайсың?
 - ✓ Әрi қарай не болуы мүмкiн?
 - ✓ Оқиға қалай аяқталады? Мәтiндi жалғастырып айт.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіндегі оқиғаны жүйелі жалғастырады;
- сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.

Бөлімше 1.4 Тыңдарманның назарын аударту

Оқу мақсаты 3.1.4.1 Сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді/ нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді қолданады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Өлеңді түсініп оқы. Өлеңге сүйеніп, жаңбырдың пайдасы туралы әңгімеле. Ойыңды мақал-мәтелдермен, нақыл сөздермен тұжырымдап айт.

Жаңғырсын
Баулар бір,
Жау, жаңбыр,
Жау, жаңбыр!
Төгілсін
Таудан нұр,
Жау, жаңбыр,
Жау, жаңбыр!

Салсын құс
Сайран бір,
Жау, жаңбыр,
Жау, жаңбыр!
Самғасын таңда жыр,
Қауласын бауда гүл,
Жау, жаңбыр,
Жау, жаңбыр!



Дескриптор *Білім алушы*

- тақырыпқа сәйкес мәтін құрастырады;
- өз ойын жүйелі жеткізеді;
- сөйлеуде мақал-мәтелдерді/нақыл сөздерді орынды қолданады.

Бөлімше 1.4 Тыңдарманның назарын аударту

Оқу мақсаты 3.1.4. 2 Сөйлеу барысында иллюстрациялар/көрнекіліктер/ фото/ суреттер қолдану

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Сөйлеу барысында суреттер/иллюстрациялар қолданады


Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Берілген ережелер мен суреттерді пайдаланып, «Судағы қауіпсіздік» тақырыбына сөйле.

Судағы қауіпсіздік ережелері

- Қоршау белгісінен тысқары жүзбеңіз!
- Тыйым салынған жерде шомылмаңыз!
- Шомылып жүрген балаларды қараусыз қалдырмаңыз!
- Өтіп бара жатқан кемелер мен қайықтарға қарай жүзбеңіз!
- Таныс емес жерден суға секірмеңіз!



Дескриптор

Білім алушы

- тақырыпқа сәйкес ой қорытып айтады;
- сөйлеу барысында иллюстрацияларды тиімді қолданады.

Бөлімше 1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру

Оқу мақсаты 3.1.5.1 Өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Өз ойын көркем-бейнелі сөздер арқылы жеткізеді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңда. Мәтіннен еліміздің көрікті жерлерінің атауын теріп жаз.

Қазақстан - табиғаты көркем, жанға жайлы әсем жерлерге өте бай өлке. Жер жаннаты Жетісу, асқар шыңды Алтай, емдік қасиеті мол Алакөл, көрген көзді таң қалдырар Балқаш, суы балдай, шөбі шүйгін Баянауыл, ауасы шәрбат Қарқаралы...

Біздің елдегі осы іспетті көрікті жерлерді айтып тауыса алмайтындайсың! Қарасаң көзің тоймайды!

Жер шарының ең көрікті жерлері саналатын Ақмола облысының аумағында «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы орналасқан. Бурабай Қазақстандағы ең танымал демалыс орындарының бірі. Биік таулар мен қылқан жапырақты орман, айдынды көл және таза ауа. Табиғаттың шипалы қуаты жақсы демалуға және денсаулықты қалпына келтіруге мүмкіндік тудырады. Бурабайдың балшығы мен минералды суы емдік қасиетке бай.

- Мәтінге сүйеніп, көрікті жерлердің бірі туралы әңгімеле. Мәтіндегі көркем сөздерді пайдалан.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіннен қажетті ақпаратты теріп жазады;
- еліміздің көрікті жерлерін көркем сөздерді қолданып сипаттайды.

Бөлім: Оқылым

Бөлімше 2.1 Оқу түрлерін қолдану

Оқу мақсаты 3.2.1.2 Шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп/ шолып/ түртіп алып/ қажетті ақпаратты тауып/ белгі қойып/сын тұрғысынан бағалап оқу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтінді түсініп, қатесіз оқиды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтінді түсініп оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Ауылдың шетінде айдын көл бар. Көлдің суы мөлдір, айналасы тап-таза. Әдемі гүлдер, қалың шөп, биік ағаштар өсіп тұратын. Көктемде көлге әдемі аққулар ұшып келетін. Адамдар сұлу құстарды тамашалайтын. Жазда көлге шомылып, балық аулайтын.

Бірақ адамдар көлдің тазалығына мүлдем қарамайтын. Шомылып болған соң жеген тамақ қалдықтарын, қоқыстарды тастап кететін. Осылайша көлдің айналасы қоқысқа толып, суы ластана бастады. Күз келіп, көлдің суы салқындады. Күздің артынан қыс келіп, көл беті мұз боп қатты.

Күн жылынып, тағы да көктем келді. Бірақ көктеммен бірге ұшып келетін әдемі аққулар көрінбеді. Адамдар қанша күткенмен, аққулар қайтып келген жоқ. Әдемі аққулары жоқ, айналасы қоқысқа толы көл қатты мұңайды.

Бірде Мақсаттың атасы: «Аққу - тазалықты жақсы көретін құс. Аққулар көліміз қоқысқа толып, ластанып кеткендіктен ұшып келмеді», - деді. Мұны естіген Мақсат достарымен бірге көлдің айналасын тазалауға кірісті. Оған ауыл адамдары да көмек берді. Көлдің айналасы тап-таза болды.

Келесі көктемде аққулар көгілдір көлге қайта ұшып келді. Әдемі құстар жүзіп жүрген көлдің сәні кіріп, ажарлана түсті.

- Бастапқы кезде көлдің айналасы қандай еді? Көркем сөздерді қолдана отырып, сипаттап айт.
- Аққулар көлге неге қайтып келмеді?
- Балалардың іс-әрекетіне қандай баға берер едің? Неліктен?
- Бұл әңгімеден қандай ой түйдің?

Дескриптор *Білім алушы*

- көлді сипаттауда көркем сөздерді орынды қолданады;
- мәтіннің мазмұнына қатысты ой қорытып айтады;
- кейіпкерлердің іс-әрекетіне қатысты көзқарасын білдіреді;
- мәтіннің негізгі ойын анықтайды.

Бөлімше 2.2 Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру

Оқу мақсаты 3.2.2.1 Қолдануға (практикалық), бағалауға және шығармашылыққа негізделген сұрақтар қою және жауап беру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Бағалауға және қолдануға негізделген сұрақтар қояды
- Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтінді түсініп оқы. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыр. Сұрақ құрастыруда берілген тіркестерді пайдалан: Қалай ойлайсың?, Сенің ойыңша..., Неліктен?, Не себепті?, Қайсысы дұрыс?, Сен не істер едің? т.б

Ержігіт тыным таппай, есік алдына сырғанақ соқты. Оған шелекпен су тасып құйды. Әбден титықтап шаршаса да, үйіне көңілді оралған.

Ертеңіне тұра сала, сырғанаққа қарай жүгірді. Міне, қызық! Көршінің балалары сырғанақта асыр салып ойнап жүр. Ержігіттің іші күйіп кетті.

- Бәрің де кетіндер! Бұл менің сырғанағым! - деп төмпешіктің қасына келіп, бар даусымен айқай салды. Ойнап жүрген балалар состиып тұрып қалды.

- Қанеки, табандарыңды жалтыратыңдар, - деді ол тіпті қаһарланып.

- Сырғанағыңды аяйсың ба?

- Бір көшеде тұрамыз ғой.

- Кеше айтсаң, көмектесер едік, - деді балалар жан-жақтан шуылдап.

- Жоқ, - Ержігіт балалардың жалынып- жалбарынғанына да қарайтын емес.-

Кетіндер дедім ғой, бітті.

Балалар онымен тәжікелесіп жатпай, үйді үйлеріне тарап кетті.

- Сыныптастарыңның сұрақтарына жауап бер.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады;
- бағалауға негізделген тіркестерді орынды қолданады;
- мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.

Бөлімше 2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтау

Оқу мақсаты 3.2.3.1 Шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін/сөйлемді анықтау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтінге тақырып қояды
- Мәтіннің негізгі ойын білдіретін сөйлемді анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Біздің ауылды Қызылкесек деп атайды. Ауылды қақ жарып Боғас өзені өтеді. Лақтарын шұбыртқан еліктер мен арқарлар өзеннен су ішуге келетін. Оны көріп, біз де маз-мейрам болушы едік.

Ал тау етегінде неше түрлі гүлдер өсетін. Әсіресе сасыр айрықша еді. Кәдімгі Африкада өсетін пальмаға ұқсас. Қолшатыр сияқты басымызды күн сәулесінен, жаңбырдан қорғайтын. Бұл жерде түйетабан да бар. Түйетабанның тамырының ұзындығы 18 метрге жетеді. Мөлшермен айтқанда есік алдындағы құдықтың тереңдігінен үш есе артық. Ал мұндай тереңдікте тіпті шөлді алқапта да жер асты сулары бар.

Кіп-кішкентай ауылдың осындай табиғат байлығы жыл өткен сайын жұтаңдап барады. Сол өкінішті.

- Ауыл қалай аталады?
- Бұл жерде қандай өсімдіктер өседі?
- Мәтіннен негізгі ойды білдіретін сөйлемді тауып, көшіріп жаз.
- Мәтінге ат қой.

Дескриптор

Білім алушы

- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;
- мәтіннің негізгі ойын білдіретін сөйлемді анықтайды;
- мәтінге сәйкес тақырып қояды.

Бөлімше 2.5 Шығарманың композициясын анықтау

Оқу мақсаты 3.2.5.1 Көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіннің құрылымдық бөліктерін (басы, ортасы, соңы) ажыратады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтінді түсініп оқы. Әңгіменің басында, ортасында, соңында болған оқиғаларды есіңе түсіріп, «Әңгіме тауына» қысқаша жаз.

Нағыз дос

Ерте, ерте, ертеде, үлкен теңізде кішкентай дельфин өмір сүріпті. Ол күні бойы жүзуді жақсы көретін. Біресе теңіздің түбіне сүңгіп, біресе бетіне шығып, алға және артқа секіріп ойнайтын. Сегізаяқтармен, балықтармен, теңіз жұлдыздарымен жақсы дос болатын.

-Тек қана акуладан сақ бол! – дейді анасы.


Бірде дельфин ұсақ шабақтарды қуып жүріп, адасып кетті. Қараса айналасында ешкім жоқ. Кішкентай дельфин қатты қорықты. Ол үйге қайтар жолды іздеп, көп жүзді. Күтпеген жерден өзіне қарай жүзіп келе жатқан акуланы көрді. Оның жүрегі тоқтап қала жаздады. Қорыққанынан көзін жұмып алды.

Кенеттен тыныштық орнады. Біреудің бүйірінен итергенін сезді. Ақырындап көзін ашып қарап еді, сегізаяқ досы екен. Айналасындағы су лай болып кетіпті.

- Тездетіп жүзіп кетуіміз керек, - деді сегізаяқ.

Суды лайлаған сегізаяқ екен. Ол қауіпті жағдайда денесінен қара сиясын бөліп шығарады екен. Олар акуладан қара сияның арқасында құтылып кетті.

Кішкентай дельфин осындай достары бар болғанына қуанды.



Дескриптор

Білім алушы

- оқиғаның бастапқы бөлімін сипаттайды;
- оқиғаның негізгі бөлімін анықтайды;
- оқиғаның соңғы бөлімін сипаттайды.

Бөлімше 2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау

Оқу мақсаты 3.2.6.1 Кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтін кейіпкерінің портретін сипаттайды
- Кейіпкердің мінез-құлқының өзгеру себепін анықтап, бағалайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану
Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма
Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

Алакөлдің тұнып тұрған табиғатына қоса оны сағынар тағы бір жөнім бар. Өткен жылы жазғы демалыс кезінде ауылда, әкеме шөп шабуға көмектесе жүріп, сонау жалғыз жартас тұсындағы шатқалдан ала қанат жабайы үйрек көрген едім. Кешкісін ымырт жабылып бара жатқан кезде ескекті қайықпен жақындап барғанымда, қараңғылыққа қарамастан әлгі үйрек қамыс арасынан ұша жөнелді. Сыртқы сымбаты өзгелерге көп ұқсай бермейтін құсты текке шошыттым-ау дедім де, кері қайттым. Бірақ ала қанат үйрек сол маңнан кетпеді. Ертелі-кеш қол босағанда сол жерге жем қалдырып жүрдім. Ақыры екеуміз достастық.

- Кейіпкердің кері қайтуына не себеп болды? Мәтіннен тауып оқы.
- Оның бұл әрекетін қалай бағалайсың? Неліктен?
- Кейіпкерге мінездеме бер.

Дескриптор *Білім алушы*

- кейіпкердің іс-әрекетін өзгерту себепін анықтайды;
- кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты ойын айтады;
- кейіпкерді сипаттап, мінездеме береді.

Бөлімше 2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру

Оқу мақсаты 3.2.8.1 Эпизодтерді салыстыру, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Оқиғаның даму барысындағы өзгерістерді анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Мәтінді түсініп оқы.

Нағыз адам

Қуаң даладағы жалғыз үйдің қасында құдық бар. Бұл үйде атасы мен немересі тұрады. Құдық басында ұзын арқанға бекітілген шелек бар. Әрі - бері өткен жолаушылар құдықтан су ішеді, атайға алғыс айтады.

Бірде арқан үзіліп, шелек құдықтың түбіне түсіп кетті. Атайдың одан басқа шелегі жоқ еді. Су тартып ішуге ыдыс табылмады.

Келесі күні таңертең атайдың үйіне арбалы шаруа келді. Арбадағы сабанның астында шелегі көрініп жатыр екен. Жолаушы құдыққа көз жіберіп, атай мен немересіне бір қарады да, атына қамшы басып, әрі қарай жүріп кетті.

- Бұл не қылған адам?- деп сұрады немересі атасынан.

- Бұл адам емес, - деді атасы.

Түске таман атай үйінің тұсынан екінші жолаушы өтіп бара жатты. Ол арбадағы сабанның астынан шелегін алып, арқанға байлады да, құдықтан су тартты. Өзі қанғанша ішіп, атай мен немересінің де шөлін қандырды. Қалған суды құрғақ құмға төге салды да, шелегін қайтадан арбасына салып алып, жүріп кетті.

- Бұл не қылған адам? - деп сұрады немересі атасынан.

- Бұны да әлі адам деуге болмайды, - деді атасы.

Кешке қарай атай үйінің маңына тағы бір кісі тоқтады. Ол арбасынан шелегін алып, арқанға байлады. Су тартып, сусынын қандырды. Сонан соң алғысын айтып, жүріп кетті. Ал шелегі құдық басында арқанға байланған қалпында қала берді.

- Бұл қандай адам? - деп сұрады немересі.

- Міне, бұл - нағыз адамның өзі, - деп жауап берді атасы.

В. Сухомлинский

- Мәтіннің мазмұнына сүйеніп, кестені толтыр.

| | 1-жолаушы | 2-жолаушы | 3-жолаушы |
|-----------------------|-----------|-----------|-----------|
| Жолаушының іс-әрекеті | | | |
| Қарияның жауабы | | | |

- Кестеге сүйеніп, оқиғаның бөліктері арасындағы өзгерістерді сипаттап айт.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіннің негізінде кейіпкерлердің іс-әрекеттерін анықтайды;
- оқиға бөліктерінің арасындағы өзгерістерді сипаттайды.

Бөлімше 2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру

| | |
|-----------------------------------|---|
| Оқу мақсаты | 3.2.8.2 Мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация/ музыка (күй)/ мультфильм) нұсқасымен салыстыру |
| Бағалау критерийі | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Көркем шығарманы суретпен салыстыра сипаттайды |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Қолдану |
| Тапсырма | Суретке мұқият қара. Мәтінді түсініп оқы. |

Ауылдың шығыс жағында көл бар. Ержан мен Нұржан көлге балық аулауға барды. Олар оңаша жерге келіп орналасты. Таңертеңнен түс ауғанша қармақ салды. Екеуі бір шелектей балық аулады. Үйден ала шыққан тамақтарын жеді. Сусын ала келуді ұмытып кетіпті. Көлдің суы ішуге жарамайды. Олар үйлеріне қайтты.



- Суретте әңгіменің қай сәті бейнеленген? Мәтінмен салыстыра әңгімеле.
- Мәтінге тақырып қой.

| | |
|-------------------|--|
| Дескриптор | <i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">- мәтіннен суретке сәйкес үзіндіні анықтайды;- суреттегі оқиғаны мәтінмен салыстыра сипаттайды;- мәтінге сәйкес тақырып қояды;- сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды. |
|-------------------|--|

Бөлім: Жазылым

Бөлімше 3.1 Шығарманың жоспарын құру

Оқу мақсаты 3.3.1.1 Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып жоспар құру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайды
- Мәтін бөліктеріне тақырып қояды

Ойлау деңгейі дағдыларының Қолдану

Тапсырма
Мәтінді түсініп оқы.

Атаның ақылы

Аппақ шыңды Алатаудың аясындағы Алматының орталық саябағы жайқалып тұр. Бой түзеген күміс қылқанды шыршалар, жасыл сырғалы ақ қайыңдар, жұпар иісті аршалар гүлзарлы алаңдарды қоршап, қоңырсалқын самалмен тербеледі.

Бес жасар Бекжан атасымен бірге бақ аралап, әткеншек тепті, серіппемен секіріп ойнады. Бір кезде тәмпіш мұрны тершіп, атасына:

- Ата, шөлдедім, - деді.

Атасы алма шырынын сатып әперді. Бекжан құтыдағы салқын шырынды құшырлана жұтып алды да:

- Ата, балмұздақ жегім келеді, - деп ентіге сөйледі.

Ақжарқын атасы балмұздақ сатып әперді де:

- Ботам, балмұздақты көп жеме, тамағың ауырып қалады, - деп ескертті.

Бекжан атасы алып берген балмұздақтан біраз жалады да:

- Ата, шоколад жегім келеді, - деді.

- Жарығым, әр нәрсенің қалпы бар. Қанағат керек.

- Ата, қанағат деген не? - деп сұрады Бекжан.

- Қанағат деген әр нәрсенің қалпын біліп, соған риза болу. Тамақ ішудің де шегін, ретін білу керек. Қанағат жасамай, не болса соны талғамай іше берсең, ауырып қаласың, - деп атасы ақыл айтты.

Бекжан ойланып қалды. Атасының ақылын түсініп, айтқанын істеген Бекжан бақта сергек сейілдеп, жақсы демалды.

- Мәтінді мазмұнына қарай бөліктерге бөліп, жоспар құр.
- Әр бөлікке тақырып ойлап тап.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайды;
- әр бөлікке сәйкес тақырып қояды.

Бөлімше 3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу

Оқу мақсаты 3.3.2.1 Шығарма кейіпкеріне хат/ ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту...)/ өлең (төрт жолды)/ әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтін кейіпкеріне хат жазады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма
Мәтінді түсініп оқы.

Назерке ұйқысынан кештеу тұрды. Жуынып-шайынып, құрбысы Гүлжанның үйіне бет алды. Жолда бірге оқитын Маржанның ауласына көзі түсті. Сап-сары гүлдер көздің жауын алады. Көңілін қызғаныш биледі. Жақында екеуі ұрсысып қалған еді. Қақпадан ішке еніп, гүлдерді аяусыз үзе бастады.

Гүлжанның үйіне келді. Оған Маржанның ауласынан жинап алған бір шоқ гүлін ұсынды.

Арада екі-үш күн өтті. Бүгін Назеркенің туған күні. Достары жинала бастады. Маржан да келді. Қолында – бір шоқ гүл. Гүлдерімді бұзық балалар үзіп, таптап кетіпті, – деді ол.

Назеркенің іші удай ашыды. Қанша оқталса да, досына «мен кінәлімін» деп айта алмады. Бірақ іштей енді қайталамауға ант етті.

- Назерке кінәсін неге мойындамады? Белгіле (✓).

қорықты

қуанды

ұялды

мұңайды

- Мәтіннің кейіпкеріне хат жаз.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтін кейіпкерінің іс-әрекетін бағалайды;
- кейіпкерге өзіндік көзқарасын білдіріп хат жазады;
- хаттың құрылымын сақтайды;
- сөздерді/сөйлемдерді қатесіз жазады.

Бөлімше 3. 4 Қатені табу және түзету

Оқу мақсаты 3.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіндегі стильдік қателерді анықтайды және түзетеді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мәтінді мұқият оқып шық. Мәтіннің мазмұнына сай келмейтін сөйлемдерді алып тастап, көшіріп жаз.

Кеше Думанның туған күні болды. Туған күнге оның достары жиналды. Анасы неше түрлі тәтті тағамдар пісіріп, дастарқанды жайнатып тастады. Жеміс-жидектің де түр-түрі салынды. Жемістерді базардан сатып алып келді. Әсіресе, мәшиненің үлгісімен жасалған торт ерекше дәмді болды. Думанның анасы тамақты ылғи да дәмді пісіретін. Балалар ойындар ойнап, көңілді тарқасты. Думанға түрлі сыйлықтар тарту етті. Олар сыйлықтарды дүкеннен сатып алды.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін сөйлемдерді анықтайды;
- мәтінді қатесіз көшіреді;
- каллиграфиялық талаптарды сақтап жазады.